

ЖШС.«Талапты сәби »б/балабақшасы.



Бекітемін  
Мендеруші: О.Әділбай.

## ЖШС.«Талапты сәби »б/балабақшасы. Педагогикалық кеңестің хаттамалары.

2020-2021 оқу жылы

Әдіскер: Юсупова О

ЖШС.«Талапты сәби »б/балабақшасы.

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

28.08.2020 ж

Қатысқандар саны –10

Күн тәртібі:

Тақырыбы:«2020/2021 оку жылына арналған жұмыс бағыттары»

**Тақырыбы:**

«Жаңа оку жылына дайындық»

Максы:

Жаңа оку жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттарымен таныстырып, жүзеге асыру жұмыстары.

1. Балабақша педагогикалық ұжымын 2021-2022 оку жылының жылдық жоспары мен үлгілік оку жоспарымен, ұйымдастырылған оку қызметінің жүктемесімен (вариативтік компоненттерді қосқанда), перспективалық жоспармен, балалардың күн тәртібімен таныстыру, талдау, талқылау, бекіту.

**1. Тындалды балабақша менгерушісі Ә.Әділбай әріптестердің барлығын бүгінгі пед кеңесте көргеніне қуанышты екенін жеткізіп, қауіпті індептен аман өтіп, балабақшада аман есен қауышып, алдағы уақытта да жұмысты жалғастыра беруіне тілектестігін білдірді. Барлық қызметкерлерді жаңа оку жылының басталуымен құттықтады. Сонымен бірге педагогикалық кеңестің жұмысын толыққанды жүргізуде хатшы сайлау керектігін ұсынды. Өткен оку жылында хатшы болып Андосова Г. тағайындалғанын, хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып, қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес кұрамы бір ауыздан хатшы ретінде әдіскер Юсупова Оралай сайлауды үйгарды. Сондай-ақ бүгінгі педагогикалық кеңестің дәстүрлі отырысын барлығымызға ерекше түрде өткізіп отырғанын, жаз мезгілінде балалармен жұмыстардың токтап қалуына байланысты әдеттегідей есеп беру т.с.с. есептіліктің болмайтынын ескертті.**

Дегенмен былтырғы оку жылында қыркүйектен наурыздың 20 на дейін дәстүрлі жұмыс өткізіп, соңғы айларда онлайн форматта өткізілгенмен балабақшаның бір жыл ішіндегі жұмыс қорытындысы қанағаттанарлық болғанын атап өтті. Қазіргі уақытта да карантин жағдайына байланысты жұмысты онлайн форматта жалғастыратынын, дегенмен жаңа оку жылына жұмыс жоспарын талқылап, бекіту

және оку жылына міндеттер қою керектігін айтып өтіп, сөз сөйлеуді әдіскер Юсупова Оралай ұсынды.

С е й л е д і әдіскер Юсупова Оралай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты үстіміздегі жылы 05.05.2020 жылы №182 бұйрықпен өзергеніне тоқталды. Былтырғы жылдан балабақша топ атаулары ерте жас, кіші топ, ортаңғы, ересек және мектеп алды даярлық топ болып аталатыны, ондағы тәрбиеленуші балалар жастарын еске түсірді, сонымен бірге Коммуникация білім саласының атауы Қатынас білім саласы, қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру- математика негіздері, аппликация – жапсыру болып өзгергеніне тоқталды. Ал биылғы жылы драма оку қызметі мазмұны көркем әдебиет оку оку қызметке кіріктірілгенін, экология оку қызметінің сағат саны қоршаған ортаға сағат саны бойынша кіріктірілгенмен, мазмұны жаратылыстану оку қызметінде қарастырылатынын, бұл әдістемелік нұсқаулықта ескертілгенін айтып өтті.

Сондай ақ әдіскер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оку жоспарларын бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығымен таныстырды. Стандарттағы өзгерістер нәтижесінде ұлгілік оку жоспары да өзгеретінін, дегенмен ұйымның оку қызмет саны, ұзақтығы өзгеріссіз қалғанын, тек жоғарыда аталған оку қызметтер өзгергенін айтып, ол туралы оку қызмет кестесінде толық түсіндіретінін айтып кетті.

Балабақша менгерушісі Ә.Әділбай әдіскерге толыққанды түсіндіріп өткені үшін алғыс айттып, күн тәртібіндегі екінші мәселеге көшуді ұсынды

2. Т ы ң д а л д ы балабақша менгерушісі Ә.Әділбай педагогтарды 2020-2021 оку жылының жылдық жоспарымен, күн тәртібі және топтарға арналған ұйымдастырылған оку іс-әрекет кестесімен таныстырып өтті.

Мақсаты: 1.Білім беру мазмұнының жаңару аясында мектепке дейінгі ұйымдағы балаларды біліктері мен дағдыларының құзыреттілік деңгейін жоғарылату.

2.Балабақшаның отбасымен өзара іс-кимылы негізінде мектепке дейінгі ұйымда балалардың денсаулық сақтау процесінің тиімділігін арттыру, балалардың денсаулығын нығайту.

3. Иновациялық технологиялар мен әдістемелерді қолдану арқылы балаларды мектепке сапалы дайындау.

Осы мақсаттарды орындау үшін жұмыстар жүргізуді ұсынды.

Сондай-ақ менгеруші топтардың оку қызмет кестесіне тоқталып, ұлгілік оку жоспарындағы өзгерістерге сай дайындалғанын айтып, барлық топтың оку қызмет кестесін толық түсіндіріп өтті.

Сонымен бірге менгеруші Ә.Әділбай ересектер тобында 2 сағат вариативті компонент берілгенін, 1 сағат —«Би үрненеміз», 1 сағат —«Бір гажап ермексаз; ал

ортаңғы топта вариативті компонент 1 сағат-«Бояулар әлемі» тақырыптарын алуды ұсынды. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Оны құруда санпин талаптары басшылыққа алынғанын айтып өтті. Осы айтылған мәселелерге қосатын ұсыныстар жоқ болса жылдық жоспарды бекітуді ұсынды. Педагогтар толық қосылатындықтарын білдірді.

### **3.Тыңдалды** балабакша әдіскері Юсупова Оралай

Елімізде орын алғып жаткан карантин жағдайы орын алатын болса өнірлердегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларға байланысты, мектеп жасына дейінгі балалармен сабактар өткізу, ата-аналардың қалауын ескере келесідей форматта: 1) қашық форматта сабактар (консультациялар) өткізу;

2) МДҰ кезекші топтармен сабактар өткізу ұсынылатынын ескертті.

**4.Т ы ң д а л д ы** Педагогикалық алаң пікірталасы: «Мектепке дейінгі ұйымның бүгіні мен ертеңі» тақырыбында әдіскер Юсупова Оралай жүргізді.

1. Қазіргі үрпақтың сұранысы қандай?» тақырыбында әріптерімен ой бөлісті.

Қазіргі замандағы заманауи өзгерістер мектепке дейінгі ұйымдарға да елеулі өзгерістер әкелуде. Бұл үрпақтың сұранысына қарай зерттеліп, жасалып жатыр. Олар техника жаңалықтарын ата-анасынан әлдекайда жылдам менгереді, материалдық молшылыққа, қалаған затының табылатынына дағыланған, сәби күнінен өзімен санасуды талап ететін бұл үрпақты дамытуда 4К моделі бойынша жұмыс жоспарлау керектігін айтып өтті. Сонымен бірге бұл үрпақ мен мен деген үрпақ, олар қанша өмірге тез бейімделіп, білімді болғанымен оларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беруіміз керектігін түсіндіріп өтті. Сол үшін тәрбиешілердің де өзін-өзі шеберлігін шындалап, заман талабына қарай жұмыс жасау керектігін айтты.

Сейледі тәрбиеші Жанаева Г. «Баланы 7 ге дейін хандай көтер, 13ке дейін құлышадай жұмса, 14 тен бастап досындағы қара», - деген нақыл сөзді ескеріп, халық даналықтарын пайдаланып балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу керектігін ұсынды.

Педагогтар толық ұсынысты құттайтындықтарын білдірді.

2.«Қашықтан оқыту кезінде балалар қызығушылығын арттырудың тиімді әдістері» тақырыбында тәрбиеші Жолдасбекова Мадина пікір білдірді.

Балаларды ересек топтарда қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру және ата-аналардың (балалардың занды өкілдерінің) хабардар болуын қамтамасыз ету мақсатында атқарылуға тиіс жұмыстарды таныстырып өтті. Қашықтықтан оқытудың барлық қатысушыларының (педагогтер, тәрбиеленушілер, ата-аналар/балалардың занды өкілдері) бейнесабактардың басталу күнін көрсете отырып, мектепалды даярлық балаларын қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру

туралы хабардар болуын керек екенін, қашықтықтан оқытуды өткізу үшін әр отбасында интернет-ресурстар, (вацап), байланыстың қолжетімді түрлерінің болуын, өткізілген оқу қызметті ата-аналар көре алуы үшін әр педагог тобындағы ата-аналармен чат ашу керектігін түсіндірді.

### Шешімі:

- 1.Балаларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысында стандарт өзгерістері мен ұлгілік оку жоспары,2020-2021 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хат басшылыққа алынын.
- 2.Балабақшаның жылдық жоспары, оқу қызмет кестесі, күн тәртібі бекітілсін.
- 3.«Мектепке дейінгі ұйымның бүгіні мен ертеңі» педагогикалық алаң пікіргаласындағы ұсыныстар тәжірибеге ендірілсін.
- 4.Педагогикалық кеңес хатшысы етіп Андосова Г. сайлансын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Ә.Әділбай

Андосова Г.

№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

30.10.2020 ж

Катыскандар саны –8

- 1.Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
- 2.Баяндама: «4К» үлгісімен жұмыс істеу арқылы жақсы нәтижелерге қалай қол жеткізуге болады»
- 3.Тақырыпты тексеру қорытындысы:«Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және тәрбиешілердің, медицина қызметкерлері мен ата-аналардың өзара байланысын қамтамасыз ету»
- 4.Іскерлік ойын:«Педагогтың бейнелілігінемесе балалардың қабілеттерін ойын техникасы арқылы дамыту жолдары»
- 5.Ашық оқу қызметтер

**1.Тыңдалды** балабақша әдіскері Юсупова Оралай . өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі .Балабақшада оқу тәрбие жұмыстары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» КР білім және ғылым министрінің 05.05.2020 жылы №182 бұйрыққа сай жүргізіліп жатқанын айтты. Сонымен бірге оқыту жұмыстарын жобалауда тәрбиешінің перспективалық жоспары ,циклограммасы толық жүргізіліп жатқанына тоқталып өтті. Тәрбие жұмыстарына қосымша картатекалар, вариативтік компоненттер өткізіліп жатқанын айта келе әліде толыққанды жұмыс жүрізуді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге 2020-2021 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты басшылыққа ала отырып, балабақшадағы оқу –тәрбие жұмыстарының орындалып жатқанын, балалардың денсаулығы мен топтарда санитарлық талаптардың қатаң сақталып отырғанын айттып, тәрбиешілерге жұмысты осы бағытты жалғастыра беруды тапсырды.

**1.Тыңдалды** : «4К» үлгісімен жұмыс істеу арқылы жақсы нәтижелерге қалай қол жеткізуге болады» тақырыбында Жанаева Гүлмираның баяндамасы.

Қазіргі заманғы қоғам мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалығына көбірек талап қоя бастады. Тұлғаның креативтік сияқты қасиеті ең жиі ерекшеленеді. Сонымен бірге тәрбиеші баланы креативті етіп тәрбиелеу үшін педагог өзіндегі салғырттықты, балаларды тәрбиелеудегі және оқытудағы шаблондар мен ресмилікті үнемі жеңіп отыруы тиіс екеніне тоқталды. Сондай-ақ тәрбиешілер креативтіктерін іс-әрекеттің келесі түрлері арқылы дамытады: жарамсыз

материалмен өнімді ерекше іс-әрекет; рефлексивтік ойындар мен минуттар; лабиринт ойындар; ертегілер мен өлеңдерді ойлап табу; жаратылыстану-ғылыми материалға сараптама жасау. Сонымен бірге балалардың ең сүйікті ісі келесі ойындар болып табылады: «Неге ұқсайды», «Қалыпты толықтырып сал», «Мақсатқа жеткіз», «Дымбілмеске мақсатына жетуге көмектес» және басқалары. Сонымен бірге осы технология режимінде жұмыс жасау арқылы тәрбиеші басты ақпарат көзі болуын тоқтатып, оқуды айналысатын жұмысқа айналдыратынын түсіндіріп өтті.

**Сөйледі** балабақша менгерушісі Ә.Әділбай жоғарғы топта осы бағыт бойынша жұмыстың ең тиімді нысандаresының бірі «Егер ... болса, не болар еді», «Ертегіні құрастыр» сияқты тәсілдер пайдалану тиімді екенін түсіндіріп, баяндамада айтылған мәселелерді жұмыста қолдануды ұсынды. Тәрбиешілер балалармен жұмыста қолданатынын айтты..

Тындалды «Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және тәрбиешілердің, медицина қызметкерлері мен ата-аналардың өзара байланысын қамтамасыз ету» тақырыпты тексеру қорытындысы.

**3. Тындалды** : «Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және тәрбиешілердің, медицина қызметкерлері мен ата-аналардың өзара байланысын қамтамасыз ету» тақырыпты тексеру қорытындысымен менгеруші Ә.Әділбай таныстырды. Ересек және ортаңғы топта дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің алуан түрлілігін анықтады: дене шынықтыру сабактары, гимнастиканың әртүрлі түрлері, дене шынықтыру минуткалары, қозғалмалы ойындар, серуендеу

Тәрбиешілерде қимылды ойындар мен сергіту жаттығулар картотекалары бар. Қимылды ойын атрибуттары бар. Серуен талапқа сай жобаланған. Сонымен бірге кемшіліктер Балалар тәрбиешінің бұйрығын орындаі алмайды. Қимылды ойын ережесін сақтамайды. Балалар арасында достық қарым қатынас, бір-біріне кедергі жасамау сияқты ізгі ниеттер жоқ. Білім беру үдерісінде музикалық сүйемелдеу қолданылмайды.

Ересектер тобында кіші топтарға қарағанда біршама ілгерілеу бар екенін, тәрбиеші физикалық және саптық жаттығуларды таңдау; әр түрлі атрибуттар мен дыбыстық сүйемелдеуді пайдаланатынын, күн бойы балалардың қозғалыс тәртібі сауатты жоспарланған Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға шебер басшылық ететіні айта келе кемшіліктерге тоқталды. Ата-аналар үшін буклеттер, жаднамалар, папкалар-қозғалыстар және т.б. әзірлеуді және дене шынықтыру оку қызметін ұйымдастыру үшін стандартты емес жабдықтармен дамыту ортасы толықтыру, т.с. ұсыныстарды айтты. Тәрбиешілер бұл кемшіліктерді мойындаап, түзетуге уәде берді.

**4.Тыңдалды** «Педагогтың бейнелілігі» тақырыбында іскерлік ойынды балабақша әдіскері Юсупова Оралай атап өтті. Әдіскер балаларды дамытуда пайдаланып жүрген бірнеше әдістер мен технологияларды айта келе балаларды друдл техникасы жайлы түсіндіріп өтті. Бұл техника арқылы балалардың шығармашылық және сөйлеу қабілеттерін дамытуға жол беретінін, мысалы друдлдарды сипаттау арқылы балалардың шығармашылық қиялын, сөйлеу дағдысын дамытатыны түсіндіре келе тәрбиешілермен бірнеше ойындар өткізді. Сөйледі балабақша тәрбиешісі Шынтаева Фариза балалармен жұмыс жасаудағы друдл техникасының мәнін ашып түсіндіргені үшін әдіскерге алғысын білдіріп, балалармен жұмыста қолданатыны айтты.

**5.Тыңдалды** балабақша менгеруші Ә.Әділбай «Орман тұрғындарына көмек» тақырыбында өткен ашық оку іс –әрекетін талдады. Тәрбиеші білім салаларын сабактастырған. Таңғажайып сәттер, тиімді әдістер: дидактикалық және қимылды ойындар жобаланған, балалардың ақыл-ой жаттығулары белсенді қимылдармен кезектестіре жобаланған. Керекті құралдар алдын-ала дайындалған. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы жақсы. Оку қызметтің өтілуі «жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Шешімі:

1. Откен педагогикалық кеңестің шешімдерунің орындалуы қанағаттанарлық.
2. «4К» үлгісімен жұмыс істеу арқылы жақсы нәтижелерге қалай қол жеткізуге болады» баяндамасындағы айтылған мәселелер оку тәрбие жұмысына кіріктірілсін.
3. «Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру және тәрбиешілердің, медицина қызметкерлері мен ата-аналардың өзара байланысын қамтамасыз ету» тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық. Караптин жағдайына байланысты ата-аналар дене шынықтыру сауық кештері т.с.с іс –шараларға жіберілмесін.
4. Әдіскер Юсупова Оралайдың «Педагогтың бейнелілігі немесе балалардың қабілеттерін ойын арқылы дамыту жолдары» іскерлік ойынындағы әдістер жаңашыл. Сондықтан балалармен жұмыстарға ендірілсін.
5. Шынтаева Фаризаның «Орман тұрғындарына көмек» ашық оку қызметі «жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Ә.Әділбай

Андосова Г.

Күн тәртібі:

- 1.Откен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
- 2.Баяндама: «Иновациялық білім, жаңа заман талабына сай технологиялардың қолдану арқылы баланың шығармашылық ізденісін қалыптастыру»
- 3.Тақырыпты тексеру қорытындысы: «Ересек және ортаңғы топтарда балалардың жүріс-тұрыс дағдылары мен этикалық көзқарастарының қалыптасуын бағалау»
- 4.Сауалнама \
- 5.Ашық оқу қызметі

**1.Тыңдалды** балабақша менгерушісі Ә.Әділбай сөз алды: кезекші топтардың карантин талаптарын толыққанды сақтап жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Барлық топтарда дезинфекциялық шаралар міндетті түрде жүргізіліп, санитариялық ережелер қатаң сақталып отырғанын атап өтті. Сонымен бірге менгеруші күннің жылы мезгілінде балаларды серуенге міндетті түрде уақытылы алып шығуды, балалардың таза ауады көп болуын қамтамасыз етуді тапсырды. Балабақша әдіскері Юсупова Оралай топтарды оқу қызметтерін ссанитарлық талапқа сай өткізіліп жатқанын, жүйелі түрде ылғалды жинау, кварцтеу, желдету шаралары жүргізіліп жатқанына тоқталды. Сонымен бірге оқу қызмет өз дәрежесінде ұйымдастырылып жатқанын айтып өтті. Балабақшаның мерекелік оқу жоспарына сай мерекелердің атап өтілгеніне тоқталды. Балабақшада карантин талаптарының сақталуы қанағаттанарлық деп есептеуді ұсынды.

**2.Тыңдалды** тәрбиеші Ф.Шынтаева Баяндама: «Иновациялық білім, жаңа заман талабына сай технологиялардың қолдану арқылы баланың шығармашылық ізденісін қалыптастыру» тақырыбында баяндамасы. Тәрбиеші Мектепке дейінгі балаларға толыққанды білім беру-ен алдымен балаларды дамыту үшін жан жақты шығармашылық жұмыс жүргізетін балабақшада жүзеге асады, Мектепке дейінгі білім алуға сұраныс артқан сайын оны ұйымдастыру өзектілігі де қатар жүреді. Иновациялық әдістерді қолдану қазіргі таңда еліміздегі барлық мектепке дейінгі мекемелерде қолға алынып жатыр. Бұның өзі балалармен жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастырудың алғышарттарының бірі болып отыр. Иновациялық қызметтің басты мақсаты – балаларды заман

талабына сай тиімді тәрбиелеу мен оқытуға қол жеткізу екенін айта келे тәрбиешілерді Триз технологиясы, вособович ойындары , Лулия шенбері туралы түсіндіріп өтті.

Сөйледі балабақша тәрбиешісі Г.Жанаева сақиналары балаларды дамытуда тобында колданылып жатқанын,дегенмен баяндамадан өзіне керек мағлұматтарды ала алғанын айтып , баяндамашыға алғысын білдірді.

**3.Тыңдалды** «Ересек және ортаңғы топтарда балалардың жүріс-тұрыс дағдылары мен этикалық қозқарастарының қалыптасуын бағалау» тақырыбы тексеру анықтамасымен балабақша әдіскері Юсупова Оралай таныстырды. Балалардың қоғамда өз-өзін ұсташа, тамақтану және сөйлеу мәдениеті, өзін-өзі ұсташа ережелерін қалай колданатыны, құрдастарымен қарым-қатынасы қалай екені бақыланғанын айтты. Балабақшадағы ересек топтарды балалардың тәң жартысы өзін ұстайды, тәрбиешіге шағымданады, тәрбиешінің ескертүін орындаиды, үлкендермен амандасады, қоштасады, Ойын кезінде құлаған достарына мейірімділік танытады, Мейірім, адалдық, әділдік туралы қозқарастары қалыптасқанын көрсете білетіндерін айтты.

Балаларға топта, көшеде , қоғамдық орындарды өзін ұсташа туралы білім берілген. Ересек топта 80% бала топта еркін ұстайды, коршаған ортамен қарым-қатынасы жақсы.

100 % бала таңертең ілтипатпен таңертең ересектермен сәлемдесуге үйретілген, бірақ қоштасу, отініш, кешірім сұрау, ракмет айту сиякты әрекеттерді барлық бала орындарынын айтып, бағдарлама талаптары бойынша жұмыстар жүргізуді үздіксіз жүргізуді ескертті. Балабақшадағы балалардың қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу қанағаттанарлық деп бағалауға болатынын айтты.

Менгеруші толық қосылатынын білдірді, дегенмен айтылған ескертулерді алдағы жұмыс кезінде есепке алууды ұсынды. Тәрбиешілер толық келісетіндіктерін білдірді.

ды.

**4.** Балабақша әдіскері Юсупова Оралай балабақша қызметкерлеріне сауалнама және тест сұраптарын таратып берді. Сауалнаманың мақсаты балабақша жұмысы туралы тәрбиешілердің көз карастары мен тәрбиешілердің біліктілігін анықтау екенін түсіндіріп өтті.

**5.Ашық оқу қызметтерді талдау бойынша балабақша әдіскері Юсупова Оралай пікір білдірді.**

1. «Қоян тонын неге ауыстырады» тәрбиеші ортаңғы топ тәрбиешісі Андосова Г білім салалары сабактастырылған, көрнекі құралдар педагогикалық талапқа сай жасалған. Ұтымды әлістерден тәжірибелік жұмыстар, дидактикалық ойын,

марапаттау сәті, командаға бөлініп жарысу жобаланған. Билингвальдық компонент жүргізілді. балалар қатысусы жақсы. Оқу қызмет бала жасына сай келеді. Оқу қызмет «жақсы» деп бағаланды.

Шешімі:

1. Кезекші топтарда санитарлық талаптардың орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Инновациялық білім, жана заман талабына сай технологияларды қолдану арқылы баланың шығармашылық ізденісін қалыптастыру» тақырыбындағы баяндамадағы көтерілген технологиялар оқу тәрбие жұмыстарына ендірілсін. Жауапты тәрбиешілер.
3. «Ересек және ортаңғы топтарда балалардың жүріс-тұрыс дағдылары мен этикалық көзқарастарының қалыптасуын бағалау» тақырыпты тексеру нәтижесі қанағаттанарлық.
4. Сауалнама мен тест сұрақтары бойынша жоғары көрсеткіш көрсеткен тәрбиеші Ф.Шынтаева 10 балл, Көрсеткіші аз тәрбиешілерге тест жауаптары таркатылып, дамыту жұмыстары жүргізілсін. Жауапты А.Абдиева. Мерзімі 2-3 күн ішінде.
5. Г.Жанаеваның өткізген ашық оқу қызметі жақсы деп бағалансын

Кеңес төрайымы:  
Хатшысы:

Ә.Әділбай  
Андосова Г.

## №5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

30.05.2021 ж

Қатысқандар саны –8

Күн тәртібі:

*Тақырыбы: «Өткен оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі»*

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.

2. Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі.

- «Кәсіпкойлық қырлары» – мамандар: орыс тілі мұғалімінің, психологтың, музиканттың қорытындысын ұсыну.
- «Ойын ойнай жүріп оқимыз» – кіші топтағы тәрбиешілердің жұмыс тәжірибесін ұсыну.
- «Мектепке дейінгі баланың жеке тұлғасын тәрбиелеу» – ортаңғы топтардағы тәрбиешілердің жұмыс тәжірибесі.
- «Бірдейлердің ішіндегі үздігі» – топтардың рейтингінін, педагогтардың кәсіби қызметінің қорытындысын шыгару.
- «Армысың, кызыл-жасыл жаз». Жаз мезгіліне арналған жұмыстың жоспарын бекіту, топтарды толымдау, балабақшаның жұмыс режимі.

3. Ашық оқу қызметтерін талдау

1. Тындалды балабақша әдіскері Юсупова Оралай өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есебі. Кеңестерде талқыланған баяндамадағы көтерілген мәселелердің оқу тәрбие жұмыстарында басшылыққа алынып жатқанын айтып отті. Ересек және ортаңғы топтарда инновациялық технологияларды пайдалану арқылы балалардың оқу қызметке қызыға қатысуға қол жеткізілді. Біз затты зерттеу арқылы өзін өзі дамытуғы мүмкіндік туғызылды. Мнемокесте арқылы сөздік корларын дамыту, өз ойларын еоқін жеткізуге қол жеткізілді. Ол тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінде байқалғанын айтып отті. Дегенмен балалар жыл бойы карантин жағдайында үйде болғандықтан іс-әрекетте баяулық танытып жатқанын айтып, балалармен жұмысты жүйелі жүргізу керектігін ескеरтті. Тәрбиешілер бұл ескеरтудің дұрыс екенін айтып, келісім берді.

2. Тындалды балабақша әдіскері Юсупова Оралай «Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі» бойынша қысқаша тоқталып қтті. Балабақша карантин бойынша қыркүйектен акпанға дейін қашықтан оқыту форматында жұмыс жүргізгенін, наурыздан бастап кезекші топпен жұмыс жүргізіліп жатқанын, оқу тәрбие жұмыстары бұрынғыдай толыққанды емес екеніне тоқталды. Дегенмен ортаңғы, ересек топ тәрбиешілері қашықтан оқыту форматында балалармен жұмыс жүргізгенін айтып, тәрбиешілерді атқарылған жұмыстанының есебін беруді өтінді.

- «Ойын ойнай жүріп оқимыз» – кіші топтағы тәрбиешілердің жұмыс тәжірибесі.

Кіші топ тәрбиешісі Г.Андосова балалар оқу қызметтерді сапалы өткізу үшін әртүрлі әдістерді (онын, объектілерді бақылау, үлгі көрсету, мнемокесте арқылы ертегі айту) пайдаланғанын айтып өтті. Сонымен бірге балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілгенін, үстел үстіндегі мінез- құлықтарды да калыптастыру, киімдерді дұрыс шешіп және оны ретімен орындық басына жинап қоюды, көмексіз киінуды үйренгенін айтып, атқарылған жұмыстарына есеп берді.

- 2. Мектепке дейінгі баланың жеке тұлғасын тәрбиелеу» – ортаңғы топ тәрбиешілерінің жұмыс тәжірибесі. «Балапан» ортаңғы топта тәрбиеші Жолдасбекова Мадина оқу тәрбие жұмысы ата-аналарға чат ашылып оқу қызметтер ватсап арқылы үнемі көрсетіп отырганыны, әр сабактың соңында балалармен кері байланыс жасалғанын айтып өтті. Сонымен бірге барлық мерекеде «Алтын күз», «Жаңа жыл» балаларға тақпактар беріліп, ата-аналардың көмегімен ертеңгілік өткізілгеніне токталды. Наурыздан бастап балабақшада Аналар күні және Наурыз мерекелері балалармен өткізіліп, ата-аналарға ватсап желісі арқылы тарқатылғанын айтып өтті. Сонымен бірге балалармен оқу қызметті игерген білімдерін нақтылау мақсатында ашық ұйымдастырылған оқу қызмет өткізгенін мәлімдеді.
- Ересек топ тәрбиешілері Ф.Шынтаева Ата-аналармен кері байланыс орнатып, перспективалық жоспарға сай сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, математика негіздері оқу қызметтердің жүйелі жүргізілгенін, оқу қызметтерге білім салаларын сабактастыра жүргізгенін айтып өтті. Балаларды дамытуда әтүрлі технологиялар пайдаланылғанын айтып өтті
- «Бірдейлердің ішіндегі үздігі» – топтардың рейтингінін, педагогтардың кәсіби қызметінің қорытындысын шығару бойынша балабақша әдіскері Юсупова Оралай пікір білдірді. Балабақшада оқу- тәрбие жұмыстарын жүргізілуді карантин жағдайында кезекші топтармен жақсы дәрежеге жеткізгендерін, тәрбиешілер мен ата-аналардың байланысы жақсы, ата-аналардың балабақша жұмысына қанағаттанатынын жеткізді. Сонымен бірге үстіміздегі жылға тәрбиешілерге жасалған мониторингпен таныстыруды.

Балабақша менгерушісі Ә.Әділбай балабақша әдіскеріне толық қосылатынын білдірді. Қашықтан оқыту кезінде үздіксіз жұмыс жасаған тәрбиеші Ф.Шынтаева мен Г.Андосоваға алғыс білдірді және «Алғыс хатпен» марапаттау- ды ұсынды. Қызметкерлер толық келісетіндерін білдірді.

Балабақша әдіскері Юсупова Оралай «Армысың, қызыл-жасыл жаз». Жаз мезгіліне арналған жұмыстың жоспарын бекіту, топтарды толымдау, балабақшаның жұмыс режимі туралы түсіндірді. Жаз мезгілінін оқу қызмет кестесі мен күн тәртібімен таныстыруды. Балабақша жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмысының негізгі мақсаты - сауықтыру жұмысын ұйымдастыру және балалардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін негұрлым тиімді жағдайлар жасау. Сонымен бірге жазғы сауықтыру шараларының аясында ұлттық ойындарға басымдық беру және «койын арқылы оқыту» қағидасын негізге алу ұсынылатынын түсіндірді. Оқу қызметтер саны

қысқартылып, таза ауада ойын сабактар мейлінше көп ұйымдастырылу керектігін айтып өтті.

Тәрбиешілер толық келісетіндерін білдірді.

3.Ашық оқу қызметтерді талдау бойынша балабақша әдіскері Юсупова Оралай пікір білдірді.

«Тазалық пен ұқыптылық» кіші топта тәрбиеші Андосова Г.Оқу іс әрекет бала жасына сай жобаланған. Керекті құралдар педагогикалық талаптарға сай келеді. Балаларды тақпақпен таныстыру, 4 к әдісі арқылы балаларды дамыту, жұмбактар жасыру, өзі шешім қабылдауға үйрету тиімді әдістер жобаланған. Білім салалары сабактастырылған..

Кемшілігі: балалар толық қамтылмады, балалар белсенді емес

«Пингвиндермен математика әлеміне саяхат» ересек топта, тәрбиеші Ф.Шынтаев. Оқу іс әрекет бағдарлама талабына сай дайындалған. тәрбиеші балалардың назарын шоғырландыра алады. Тәрбиешінің үні жағымды. Саусақпен сурет салу, ойын әдістері пайдаланылды. Балалардың 75% жұмысын өз уақытында аяқтап шықты.

Кемшілігі: Балалар сұраққа жауап беруі толыққанды емес.

«Сикырлы ауа» тәрбиеші Г.Жанаева және музыкант Тойымбет С. Оқу іс әрекет маусымға, бағдарлама талаптарына сай жобаланып өткізілді. Білім салалары сабактастырылған. Керекті құралдар, үлестірме материалдар алдан ала тарқатылған. Тиімді әдістер: ғажайып сәт, ойын және тапсырмалар бір тақырыпқа негізделген. Балалар белсенді қатысты. Оқу іс әрекет мақсаты орындалды.

Әдіскер топтардығы оқу қызметтердің өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды. Ұжым толық келісті

Шешімі:

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуыны қанағаттанарлық.
2. Педагигикалық идеялар жәрмеңкесі топтардың оқу тәрбие жұмыстарының есебі қанағаттанарлық. Айтылған ескертулер алдағы оқу жылында толық ескерілсін.
3. Тәрбиешілер Ф.Шынтаева мен Г.Жанаева алғыс хатпен марапатталсын.
4. Ашық оқу қызметтердің өтілуі қанағаттанарлық.

Кеңес төраймы:  
Хатшысы:

Ә.Әділбай  
Андосова Г.

### №3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

06.01.2021 ж

Катысқандар саны – 8

1. Откен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.

2. Баяндама:

3. Такырыпты тексеру: «Таным білім саласы, математика негіздері және сенсорика оқу қызметтерінде бағдарлама талаптарының орындалуы»

4. Ашық оқу қызметтер

1. Тындалды балабақша әдіскері Ә.Әділбай откен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталып өтті. Балабақшада 4К моделі бойынша откен кеңесте тәрбиешілерге мәлімет берілгенін, тәрбиешілер жан-жақты ізденіп, оқу қызметтерінде осы әдістерді пайдаланып жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге балалардың өмірін қорғау максатында балабақшада карантин талаптары катаң орындалып жатқанын, іс-шараларға ата-аналар катыстырылмай жатқанын айтып отті.

*Сөйлеуді* тәрбиеші балаларды дамытуда ойын техникасын пайдалану балалардың шығармашылығын дамытуда жақсы әдіс екенін айтЫП, өз тәжірибесімен бөлісті, откен кеңестегі айтылған мәселелердің барлығы өзекті такырыптар екенін айтЫП, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

2. **Т ы ң д а л ы** тәрбиеші Жолдасбекова Мадина: Ойын барысында балалар пайдалы дағдыларды менгереді, ал ол балаларға болашақта қажет болады: бала ойыншының немесе кранды жөндеуден үйшік салуга немесе ағаш отырғызуға дейін. Сонымен бірге конструкторларымен қалай жұмыс істеудің тиімділігіне тоқталып өтті. Мысалы білім салаларын кіркітруге мүмкіндік береді, балалардың геометрия саласындағы қарапайым түсініктерін қалыптастырады; балаларды қолемді геометриялық денелермен және «бұрыш», «төбе», «қыр», «қабырға» секілді ұғымдармен таныстырады.

*Сөйлеуді* балабақша әдіскері Ә.Әділбай бұл технологияны қолдану балалардың мынадай әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді: тәрбиеленушілерлің дербестігін; белсенділігін; креативтілігін; командамен жұмыс істеу машины; мақсатқа ұмтылуышылығын, бұл 4К білім беру үлгісіне сәйкес тұлға қалыптастыру негізіне жатады.

Осылайша ойын барысында балалардың дүниетанымы кеңейеді, кеңістікті ойлау дағдысы дамиды, зерттеу қызметі мен үлгілеуге қызыгуышылығы қалыптастасының түсіндіріп өтті.

*Сөйлеуді* балабақша менгерушісі Ә.Әділбай бүгінгі баяндама такырыбы казіргі заманның өзекті такырыптары екенін айтЫП тәрбиеші Шынтаева Фариза тәрбиешіге алғыс жариялауды ұсынды.

Тәрбиешілер бір ауыздан келісетіндіктерін білдірді.

**3. Т ы ң д а л д ы** балабақша әдіскері Ә.Әділбай «Таным білім саласы, математика негіздері және сенсорика оку қызметтерінде бағдарлама талаптарының орындалуы» тақырыпты тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. Кіші топта сенсорлық тәрбие оку әрекеті апталық жүктемеге сай жүргізілген. Керекті құралдар, үlestірме материалдар топтамасы жинақталғанын айта келе анықталған кемшіліктерге тоқталды. Тәрбиеші көрнекілігінде жаңа технологиялар аз жобаланғанын, оку ісәрекетте балалардың есімді зат есіммен бірге айта алмайтынын, тәрбиешінің тапсырмасын толыққанды орындаі алмайтынына тоқтала келе, бірқатар ұсыныстар айтты. 1 наурызға дейін айтылған ұсыныстар орындалуы керектігін ескертті. Ортаңғы және ересектер тобында балаларға арналған көрсетілетін материалдар жасақталған, топта бұрыш жасалған.

Математика бөлімдері бойынша балалардың білімдерін тексеруде ересек топта балаларға санауды, кері санауды біледі. Уакытты, кеңістікті бағдарлау бойынша балалардың 60% жауап береді.

Сонымен бірге ортаңғы және ересек топтарда сан және есептеу, көлем, тәулік мезгілдері туралы білімдері қанағаттанарлық екенін айта келе анықталған кемшіліктерге тоқталды. Мысалы балалар математикалық терминдермен жауап бермейді. Үlestірме материалдармен жұмыс істеу іскерліктері қалыптаспаған,тсс

Тәрбиешілер толық келісетіндіктерін білдірді.

**4. Т ы ң д а л д ы** балабақша әдіскері Ә.Әділбай Сонымен бірге математика негіздері оку қызметтерінің топта өтілуі туралы ересек топта таным саласы дамыту орталығы жасақталған, үlestірме материалдар талапқа сай дайындалған. Балалар білімі қанағаттанарлық екенін айтты.

ашық оку қызметтердің өтілуін талдады

1. «Табиғаттың ізгі кітабы» тәрбиеші ересек топ тәрбиешісі Андосова Г білім салалары сабактастырылған, көрнекі құралдар педагогикалық талапқа сай жасалған. Ұтымды әлістерден тәжірибелік жұмыстар, дидактикалық ойын, марарапаттау сәті, командаға бөлініп жарысу жобаланған. Билингвальдық компонент жүргізілді. балалар қатысуы жақсы. Оку қызмет бала жасына сай келеді.Оку қызмет «жақсы» деп бағаланды.

I «Гажайып түстер» ортаңғы топ тәрбиеші Жанаева Г, оку қызмет бағдарлама талаптарына сай жобаланған. Балалар белсенділігін арттыруда тиімді әдістер гажайып сәттер, ойындар жобаланған. Керекті құралдар талапқа сай дайындалған. тәрбиеші ұтымды әдістерді пайдалана алады. Балалар қатысуы

белсенді. Білім салалары сабактастырылған. Оқу қызмет өтілуі «қанағаттанарлық. Кемшілігі: оқу қызметте регламент сақталмады.

Шешімі:

1. Откен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Балаларды техникалық шығармашылыққа тарту жолы: ойын элементтерімен ертегі үлгісін жасау» тақырыбындағы мәселелер өзекті. Басшылыққа алынып балалармен жұмыста қолданылсын.
3. «Таным білім саласы, математика негіздері және сенсорика оқу қызметтерінде бағдарлама талаптарының орындалуы» тақырыпты тексеру корытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын. Айтылған кемшіліктер орындалсын. Мерзімі 15.03.2021 жылға дейін
4. Тәрбиеші Андосова Гүлжамалдың «Табиғаттың ізгі кітабы» оқу қызметі «жақсы», тәрбиеші Жанаева Г., «Фажайып түстер» оқу қызметі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Кенес төрайымы:  
Хатшысы:



Ә.Әділбай  
Андосова Г.